



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 12 шілде

Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасын іске асыру туралы

2018 жылғы 27 наурызда Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы 2015 жылғы сәуірде қабылданған Ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасына өзгерістер мен толықтыруларды бекітті. Бағдарлама екі бөліктен тұрады.

Бағдарламаның **бірінші бөлігі** 2004 жылдан бастап 2009 жылға дейінгі кезеңде қарыз алған ипотекалық қарыз алушыларға қолдау көрсетуге бағытталған.

Аталған қарыздарды қайта қаржыландыруға Қазақстан Ұлттық Банкі 130 млрд теңге бөлді.

2018 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Бағдарлама шеңберінде банктер **152,4** млрд теңге сомаға **24 421** қарызды мақұлдап, **126,2** млрд теңге сомаға **22 009** қарызды қайта қаржыландырды.

Мақұлданған және қайта қаржыландыруды күткен қарыздарды қайта қаржыландыру мақсатында Қазақстан Ұлттық Банкі **20,931** млрд теңге мөлшеріндегі қаражаттың игерілмеген қалдығын банктер арасында бөлді.

2018 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша өңірлер мен банктер бойынша мақұлданған және қайта қаржыландырылған ипотекалық қарыздар туралы ақпаратпен «Банктермен ақшаны игеру туралы ақпарат» бөлімінде мына сілтеме бойынша танысуға болады: <http://www.nationalbank.kz/?docid=1310&switch=kazakh>.

Бағдарламаның **екінші бөлігі** Қазақстан Ұлттық Банкінің 2015 жылғы 18 тамыздағы бағамы бойынша 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін алынған жеке тұлғалардың теңгемен валюталық ипотекалық қарыздарын қайта қаржыландыруды көздейді.

Бағдарламаны Қазақстанда іске асыру қорытындысы бойынша жеке тұлғалардың жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілген валюталық ипотекалық қарыздары теңгеге аударылатын болады.

Валюталық қарыздарды қайта қаржыландыруды банктер 2018 жылғы 30 желтоқсанға дейін жүзеге асыратын болады, бұл ретте 2018 жылғы 15 желтоқсанда қарыз алушының қарызды қайта қаржыландыруға арналған өтінішін беру мерзімі бітеді.

Валюталық ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыруға «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «ForteBank» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «АТФ Банк» АҚ, «Цеснабанк» АҚ, «Kassa Nova Банкі» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «Altyn Bank» АҚ, «Ресей Жинақ Банкі» АҚ, «Bank RBK» АҚ, «KZI Bank» АҚ, «AsiaCredit Bank» АҚ, «ВТБ Банк (Қазақстан)» АҚ ЕҰ, «Альфа-Банк» АҚ ЕБ, «Capital Bank Kazakhstan» АҚ және «Қазақстанның Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ кірісіп кетті.

2018 жылғы 1 шілдеде банктер валюталық қарыздарды қайта қаржыландыруға **5,0** млрд теңге сомаға **802** өтінімді мақұлдап, **2,3** млрд теңге сомаға **462** қарызды қайта қаржыландырды. Өңірлер мен банктер бөлігінде толығырақ ақпаратпен «Банктермен ақшаны игеру туралы ақпарат» бөлімінде мына сілтеме бойынша танысуға болады: <http://www.nationalbank.kz/?docid=1310&switch=kazakh>.

Ұлттық Банкпен келісім бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-қа «Казкоммерцбанк» АҚ-тың барлық құқықтары мен міндеттемелерін бере отырып және олардың ақпараттық жүйелерін ықпалдастыра отырып «Казкоммерцбанк» АҚ-ты «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-қа қосу арқылы банктерді ерікті қайта ұйымдастыруға байланысты ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыруға «Казкоммерцбанк» АҚ қарыз алушыларының өтініштерін қабылдауды **2018 жылғы 1 тамыздан бастап** «Қазақстан Халық Банкі» АҚ жүзеге асыратынын қосымша хабарлаймыз.

Қазақстан Ұлттық Банкі аумақтық филиалдарының, екінші деңгейдегі банктердің Бағдарлама талаптарын түсіндіру бойынша халықпен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын қызметкерлерінің байланыс нөмірлері Қазақстан Ұлттық Банкінің сайтында орналастырылған. Сұрақтар туындаған кезде қарыз алушыларға Қазақстан Ұлттық Банкі мен банктердің тиісті филиалдарына олардың аумақтық тиістілігіне қарай өтініш білдіруді ұсынамыз. Филиалдардың байланыс нөмірлеріне «Байланыс нөмірлері» бөлімінде мына сілтеме бойынша қолжеткізуге болады: <http://www.nationalbank.kz/?docid=1552&switch=russian>.

Бағдарламаның талаптарымен Ұлттық Банктің сайтында «Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау» бөлімінде мына сілтеме бойынша танысуға болады: <http://www.nationalbank.kz/?docid=1552&switch=russian>

Егер Сіздерде Бағдарлама бойынша сұрақтар туындаса, Сізден:

- 050040, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, "Көктем-3" шағынауданы, 21-үй; e-mail: hq@nationalbank.kz мекенжайы бойынша ресми өтініш білдіру арқылы;

- Алматы қ., Әйтеке би к-сі, 67 мекенжайы бойынша қоғамдық қабылдау бөлмесіне өтініш білдіру арқылы, Қазақстанның басқа өңірлерінің тұрғындары үшін Қазақстан Ұлттық Банкі тиісті филиалдарының қоғамдық қабылдау бөлмесіне олардың аумақтық тиістілігіне қарай өтініш білдіруді ұсынамыз;

- «ҚҰБ Online» мобильдік қосымшасы арқылы Қазақстан Ұлттық Банкіне өтініш білдіруді сұраймыз.

Google Play Market арқылы жүктеу үшін сілтеме:

<https://play.google.com/store/apps/details?id=kz.nationalbank.appeals>;

AppStore арқылы жүктеу үшін сілтеме:

<https://itunes.apple.com/kz/app/nbk-online/id1134502211?ls=1&mt=8>.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz